



Автор: Алмасбек Қалдыбек Серқұлұлы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Компьютер және қауіпсіздік

Тақырып: Компьютермен жұмыс істеу кезінде өзіне қалай зиян келтірмеу?

Сабақ тақырыбы	Компьютермен жұмыс істеу кезінде өзіне қалай зиян келтірмеу?
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттар (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.4.1.1 техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу салдарын сараптау
Сабақ мақсаты	-техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу кезінде өзінің денсаулығына зиян салдарын анықтау - компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қолдану
Табыс өлшемі	-техника қауіпсіздігі ережелерін біледі және айтады: жұмыс кезінде, жұмыстан кейін, кабинетте жұмыс алдында - техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу кезінде себептер мен салдарының өзінің денсаулығы үшін салдарын айқындайды; - компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қолданады.
Тілдік мақсаты	Оқушылар істей алады: - дұрыс сымбаттылық мәселесінің маңыздылығын талқылауды (сөйлеу дағдысы мен тыңдау) - денсаулығын сақтап қалуға көмектесетін жаттығулар кешенін суреттеуге (жазу дағдысы) Пәндік лексика мен терминология • Көру нашарлауы, сымбатының бұзылуы, сіңір созылуы, денсаулық пен қауіпсіздік, қауіп • Білек, мойын, қол, арқа, иық, омыртқа, іш, буындар Қатайту, созу, бойын еркін ұстау, баурау.
Құндылықтарды қалыптандыру	Өзіне және айналасындағыларға сыйластығы Бұл құндылық білім беру процесіне қатысушыларға бір-біріне сыпайы қарым-қатынасты сақтау, жеке және жұптық тапсырмаларды орындау кезіндегі тайм-менеджментті сақтау, гигиена нормалары мен техника қауіпсіздігін сақтау(жұмыс орнын сабаққа дейін және кейін таза ұстау) арқылы қалыптандырылады. Ынтымақтастық Оқушыларда қиындықтар туған жағдайда мұғалім қолдау көрсетеді. Ынтымақтастық оқушылардың бір-бірін жұптасып жұмыс кезінде өзара қолдау көрсету арқылы, алға қойылған гипотеза пайдасына аргументтер іздеу арқылы қалыптандырылады.
Пәнаралық байланыс	Адам анатомиясы, адам сүлдесі. Физика (электр құралдары мен электрмагниттік сәуле шығару)
Алдын ала білімі	Оқушылар компьютердің негізгі қызметі, негізгі бөлшектері, компьютер қандай қызмет көрсету саласында өолданлатыны туралы біледі.
Ресурстар	1.Жалпы білім беретін мектептер 5 сынып үшін Информатика-оқулығы./Арман ПВ баспасы. Компьютер және қауіпсіздік. 2. Bilimland ресурсынан «Техника қауіпсіздігі мен жұмыс орнын ұйымдастыру» видеосы http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720 «

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ басы (4 мин 4min)	Сабақтың басталуы. Бейнежазбаны тамашалау. «Кинометафра» әдісі Оқушылар сабақ тақырыбын атайды: Денсаулығын және техника қауіпсіздігі ережесін сақтау. Техника қауіпсіздігін сақтау туралы видео көруге беріңіз http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720 Егер сіз техника қауіпсіздігін сақтамаған жағдайда, не болады? Оқушылар сабақтың міндеті мен мақсатын атайды: Бүгін біз техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамағанның қандай салдар болатынын білетін боламыз. Біз қауіпсіздік туралы айтамыз. Компьютермен жұмыс кезінде өзінің жұмысын қалай дұрыс ұйымдастыру керек. Тапсырма №1 Жеке жұмыс. «Кім жылдам?» әдісі Жаттығу 1 Тапсырма №2 Жұптық жұмыс «Қиыстыру» әдісі Жаттығу 2 Қорытынды: «компьютерге тәуелділік», «көз аурулары» пайда болмас үшін ережелерді сақтау керек.	http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720 Интерактивтік тақта Информатика оқулығы 5 сынып, 8-9 бет http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720 http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (11)	Практикалық тапсырма №3 «Құпия конверт» әдісі арқылы конверте берілген тапсырмаларға өз ой пікірін жазу. Жоғары деңгей дағдысы: сараптау және бағалау - Компьютермен жұмыс кезінде не істеуге болмайды? - Компьютер бізге қалай ықпал етеді - қауіпсіздік техникасын бұзу; - Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек?	«ӨТ кабинетінде қауіпсіздік техникасы ережелері» сабағына презентация»
Қосымша тапсырма (4)	* Егер адам тәулігіне 3 сағат компьютер алдында уақытын өткізетін болса, онда сіз жылына, айына, аптасына қанша уақыт компьютер алдында өткізетінізді есептеңіз. мәтін	
Сабақтың соңы (4)	Кері байланыс. «Еркін микрофон» әдісі арқылы оқушымен кері байланыс орнату.	
Білімдерін пысықтау (5 мин)	Формативтік бағалауды орындау Мұғалім үшін нұсқаулық Формативтік бағалаудың бір түрін ұсынуға болады: 1) Компьютерде BILIMLAND http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720 ресурсынан 2,3 жаттығуларды орындауға болады. 2) Қағазға екі сұрақты басып шығарып, жазбаша түрде формативтік бағалауды жүргізуге болады.	http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720 2,3 жаттығулар
Рефлексия (5 мин)	Сонымен біз бүгін компьютермен жұмыс істеу кезінде өзіне қалай зиян келтірмеу? туралы білдік. Стикерде өздеріңіздің бүгін қалай жұмыс істегеніңіз туралы суретке жапсырыңыз:	
Үйге тапсырма (1)	5 сынып Информатика оқулығының 8-9 бетін оқу. Компьютермен жұмыс кезінде орындау үшін ұсынылатын жаттығулар ойлап тап. - Отбасы мүшелері үшін кесте құрастыр: компьютер алдында қанша уақыт отырамыз.	